



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы Отечественная история History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2025. № 28 (4)

РЕДАКЦИЯ

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Редакциялық алқа

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Абдырахманов Толобек Әбілұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (Қырғыз Республикасы, Бішкек)

Апендиев Тимур Әкімханұлы – PhD докторы, доцент, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Горшенина Светлана Михайловна – PhD, тарих ғылымдарының кандидаты; CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/ Sorbonne университетінің зерттеу бөлімінің директоры (Франция, Париж)

Исмағұлов Оразақ Исмағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің физикалық антропология зертханасының меңгерушісі (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Шиндзю Като – PhD (археология бойынша), Нарадағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара)

Бирсель Каракоч – Уппсала университетінің түркі тілдерінің профессоры (Швеция, Уппсала қ.)

Мионг Сун-ок – антропология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (Корея, Сеул)

Қозыбаева Махаббат Маликовна – PhD доктор; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Моррисон Александр – PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Ұлыбритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – археология ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс университетінің «Биоархеология» ғылыми орталығының жетекшісі (Литва, Вильнюс)

Муминов Әшірбек Құрбанұлы – тарих ғылымдарының докторы, арабтанушы, профессор; ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Түркия, Стамбул)

Нұрсан Әлімбай – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Отеева Гүлфира Елубайқызы – тарих ғылымдарының докторы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.)

Оутрам Алан – археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна – Солтүстіктің байырғы халықтарының мәселелері және гуманитарлық зерттеулер институтының этнологиялық зерттеулер орталығының жетекшісі (АН СР(Ы) ХР) (Ресей Федерациясы, Якутск қ.)

Рюосуке Оно – Васеда университетінің тереңдетілген гуманитарлық зерттеулер орталығының доценті (Жапония, Токио)

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы – Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, PhD доктор (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Томохико Уяма – PhD докторы, Хоккайдо университетінің славян және еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония, Саппоро)

Финке Питер – PhD докторы, Цюрих университетінің Макс Планк институтының профессоры (Швейцария, Цюрих)

Шотанова Ғалия Айтжанқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Жауапты редактор

Абдулина Ақсұңқар Тұрсынқызы

Жауапты хатшы және редактор

Мырзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нұрлыбек Айдарбекұлы

Көбеев Рүстем Джаулыбайұлы

Техникалық көмек

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жұматайқызы

РЕДАКЦИЯ

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Члены редакционной коллегии

Абиля Аманжолович – доктор исторических наук, профессор (Республика Казахстан, г. Астана)

Абдырахманов Толобек Абилович – доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР (Кыргызская Республика, г. Бишкек)

Апендиев Тимур Акимханович – PhD, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Горшенина Светлана Михайловна – доктор PhD, кандидат исторических наук; директор по исследованиям CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Университет Сорбонны (Франция, г. Париж)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана)

Като Синдзи (Shinji Kato) – PhD (в области археологии), Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара)

Бирсель Каракоч, профессор турецких языков, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

Мионг Сун-ок – доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, г. Сеул)

Козыбаева Махаббат Маликовна – доктор PhD; ведущий научный сотрудник Института культуры и духовного развития «Алаш» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана)

Моррисон Александр – PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, (Литва, г. Вильнюс)

Муминов Аширбек Курбанович – доктор исторических наук, арабист, профессор; консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул)

Нурсан Алимбай – кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Отеева Гульфира Елубаевна – доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А.Х. Маргулана (Республика Казахстан, г. Павлодар)

Оутрам Алан – доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна, руководитель Центра этнологических исследований Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера (ИГИ АН РС(Я)) (Российская Федерация, г. Якутск)

Рюосуке Оно – доцент, Центр перспективных гуманитарных исследований, Университет Васеда (Япония, г. Токио)

Сабитов Жаксылык Муратович – директор Научного института изучения Улуса Джучи, доктор PhD (Республика Казахстан, г. Астана)

Томохико Уяма – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований университета Хоккайдо (Япония, г. Саппоро)

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, г. Цюрих)

Шотанова Галия Айтжановна – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Ответственный редактор

Абдулина Аксункар Турсуновна

Ответственный секретарь и редактор

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Научные редакторы:

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нурлыбек Айдарбекович

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Техническое сопровождение

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Саня Жуматаевна

EDITORIAL TEAM**Editor-in-Chief**

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, general Director of Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Republic of Kazakhstan, Astana)

Abdyrakhmanov Tolobek Abilovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic (Kyrgyz Republic, Bishkek)

Apendiev Timur Akimkhanovich – PhD, associate professor, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Gorshenina Svetlana Mikhailovna – PhD, Candidate of Historical Sciences; Research Director of CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Sorbonne University (France, Paris)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Laboratory of Physical Anthropology of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana)

Shinji Kato – PhD (Archaeology), Nara National Research Institute for Cultural Properties (Japan, Nara)

Birsel Karakoch – Professor of Turkic Languages, Uppsala University (Sweden, Uppsala)

Myong Soon-ok – PhD (Anthropology), Associate Professor (Seoul, Korea)

Kozybaeva Makhabbat Malikovna – PhD; Leading Researcher, Institute of Culture and Spiritual Development «Alash» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Republic of Kazakhstan, Astana)

Morrison Alexander – PhD, Professor, New College, Oxford (United Kingdom, Oxford)

Motuzaitė-Matuzevichute Gidrė – Doctor of Archaeology, Professor, Head of the Scientific Center «Bioarchaeology» of Vilnius University, (Lithuania, Vilnius)

Muminov Ashirbek Kurbanovich – Doctor of Historical Sciences, Arabist, Professor; Consultant to the Director General for Organizational Activities of the OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul)

Nursan Alimbay – Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Otepova Gulmira Elubayevna – Doctor of Historical Sciences, Professor at the A. Margulan Pavlodar Pedagogical University (Republic of Kazakhstan, Pavlodar)

Outram Alan – Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter)

Romanova Ekaterina Nazarovna – Head of the Center for Ethnological Research, Institute for Humanitarian Research and Problems of Indigenous Peoples of the North (IHR RAS (Yakutia)) (Russian Federation, Yakutsk)

Ryuosuke Ono – Associate Professor, Center for Advanced Humanitarian Studies, Waseda University (Japan, Tokyo)

Sabitov Zhaksylyk Muratovich – Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, PhD (Republic of Kazakhstan, Astana)

Tomohiko Uyama – PhD, Professor, Center for Slavic-Eurasian Studies, Hokkaido University (Japan, Sapporo)

Finke Peter – PhD, Professor, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland, Zurich)

Shotanova Galiya Aitghanovna – Candidate of historical sciences, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editor-in-Chief

Abdulina Aksunkar Tursunovna

Responsible Secretary and Editor

Murzakhodjaev Kuanysh Madievich

Scientific Editors:

Kasymova Didar Beysengalieva

Chernienko Denis Arkadyevich

Dosymbetov Nurlybek Aidarbekovich

Kubeev Rustem Dzhaubayuly

Technical support

Zikirbaeva Venera Serikovna

Kopeeva Saniya Zhumataevna



Published in the Kazakhstan
Otantarikhy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 4. Pp. 1230–
1244
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_4_1230-1244

1937 ЖЫЛҒЫ № 00447 БҰЙРЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК РЕПРЕССИЯЛЫҚ АППАРАТТЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТЕТІКТЕРІ

Серікбай Дәулетұлы Мамраймов

Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(13-үй, А. Байтұрсынов көш., 160000, Шымкент, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

<https://orcid.org/0000-0003-3820-1513>. E-mail: s_dauletuly@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Мамраймов С., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* 1937 жылғы 30 шілдеде қабылданған №00447 санды КСРО ІХК бұйрығы кеңестік кеңістікте жаппай саяси қуғын-сүргін науқанының жаңа кезеңін бастап берді. Бұл бұйрық аясында Қазақстанда да кең ауқымды репрессиялық операциялар жүргізілді. Сталиндік тоталитарлық жүйенің шарықтау шегіне жеткен тұсында басталған бұл қуғын-сүргін әрекеттері халықтың барлық әлеуметтік, ұлттық және діни топтарына бағытталды. Аталған зерттеу осындай тарихи әділетсіздіктің мазмұны мен сипатын талдауға арналған. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Бұл зерттеудің басты мақсаты – №00447 бұйрығы аясында Қазақстанда жүргізілген репрессиялық операциялардың нақты мазмұны мен құрылымын жан-жақты талдау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер алға қойылды: қуғын-сүргін шараларының әлеуметтік, ұлттық және саяси сипатын анықтау; репрессияның кеңістіктік ауқымын және бағытталған нысандарын сипаттау; құжаттық және статистикалық деректер негізінде қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың сандық көрсеткіштерін талдау; репрессиялық шаралардың құқықтық және идеологиялық негіздемелерін ашу. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу жұмысы негізінен архивтік құжаттарға, ресми баяндамаларға, сондай-ақ мемлекеттік қауіпсіздік органдарының деректеріне сүйеніп жүргізілді. *Нәтижелер.* Қазақстанда №00447 бұйрығы негізінде жүргізілген репрессиялық операциялар нәтижесінде 22 804 адам тұтқындалған. Олардың ішінде 9500 адам 1-санатпен – ату жазасына, 13 804 адам 2-санатпен – лагерьлерге жіберілген. Қуғын-сүргін кеңеске қарсы ұйымдар, ұлтшыл құрылымдар, діни және сектанттық қауымдастықтар, өндірістік астыртын ұйымдар мен казак ақгвардияшыл топтарға бағытталған. Операциялар әсіресе шекаралық, индустриялық және ұлттық құрам жағынан күрделі аймақтарда қарқынды жүргізілді. Ұйым мүшесі болмаған, бірақ саяси сенімсіздік тудырған жеке тұлғалар да қуғын-сүргінге ұшыраған. Репрессиялық шаралар құқықтық тұрғыдан формалды рәсімделгенімен, олардың астарында идеологиялық және саяси мақсаттар тұрғаны анықталды. *Қорытынды.* Жүргізілген зерттеу нәтижесінде сталиндік репрессияның тек мемлекеттік қауіпсіздікке бағытталған акция ғана емес, сонымен қатар этносаралық қатынастарды, діни құрылымды, саяси элитаны және әлеуметтік таптарды қайта форматтауға арналған жүйелі саясат болғаны анықталды. Бұл мақала Қазақстан тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің бірі – 1937–1938 жылдардағы «Үлкен

террор» кезеңін нақты деректермен қайта зерделеуге өз үлесін қосады. Зерттеу сталиндік зұлматтың әлеуметтік және ұлттық салдарларын түсінуге және тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған ғылыми ізденістердің жалғасы ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: сталиндік репрессия; № 00447 бұйрығы; үштік; Қазақстан; кеңеске қарсы ұйымдар; қуғын-сүргін; этносаясат; лагерьлер; тоталитаризм; ұлттық қозғалыстар.

Дәйексөз үшін: Мамраймов С.Д. 1937 жылғы № 00447 бұйрық және Қазақстандағы кеңестік репрессиялық аппараттың құрылымдық-институционалдық тетіктері // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. 1230–1244-бб. [Қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1230-1244

ПРИКАЗ № 00447 ОТ 1937 ГОДА И СТРУКТУРНО-ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЕ МЕХАНИЗМЫ СОВЕТСКОГО РЕПРЕССИВНОГО АППАРАТА В КАЗАХСТАНЕ

Серикбай Даулетулы Мамраймов

Южно-Казахстанский педагогический университет им. У. Жанибекова
(д. 13, ул. А. Байтурсынова, 160000, г. Шымкент, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, доцент

<https://orcid.org/0000-0003-3820-1513>. E-mail: s_dauletuly@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Мамраймов С., 2025

Аннотация. *Введение.* Принятый 30 июля 1937 года приказ НКВД СССР №00447 дал начало новому этапу кампании массовых политических репрессий на советском пространстве. В рамках этого приказа в Казахстане также были проведены масштабные репрессивные операции. Эти репрессии, начавшиеся в разгар сталинской тоталитарной системы, были направлены на все социальные, национальные и религиозные слои населения. Данное исследование посвящено анализу содержания и характера такой исторической несправедливости. *Цель и задачи исследования.* Основная цель данного исследования-всесторонний анализ фактического содержания и структуры репрессивных операций, проводимых в Казахстане в рамках приказа № 00447. Для достижения этой цели были поставлены следующие задачи: определение социального, национального и политического характера репрессий; описание пространственного диапазона репрессий и направленных форм; анализ количественных показателей репрессированных лиц на основе документальных и статистических данных; раскрытие правовых и идеологических обоснований репрессивных мер. *Материалы и методы.* Исследовательская работа проводилась в основном на основе архивных документов, официальных докладов, а также данных органов государственной безопасности. *Результаты.* В результате репрессивных операций, проведенных в Казахстане на основании приказа № 00447 было арестовано 22 804 человека. Из них 9500 человек направлены в лагеря 1 категории – к расстрелу, 13 804 человека 2 категории – к лагерям. Репрессии были направлены на антисоветские организации, националистические структуры, религиозные и сектантские общины, промышленные подпольные организации и казахи белогвардейские группы. Операции особенно активно проводились в приграничных, индустриальных и этнически сложных районах. Лица, которые не были членами организации, но вызвали политическую незащищенность, также подвергались репрессиям. Установлено, что, хотя репрессивные меры формально формализованы в правовом отношении, они стоят за идеологическими и политическими целями. *Заключение.* Проведенное исследование показало, что сталинские репрессии были не только акцией, направленной на государственную безопасность, но и системной политикой переформатирования межэтнических отношений, религиозной структуры, политической элиты и социальных классов. Настоящая статья представляет собой вклад в переосмысление на основе эмпирических данных одного из наиболее трагичных этапов в истории Казахстана – периода «Большого террора» 1937–1938 годов. Исследование рассматривается как продолжение научных изысканий, направленных на осмысление социальных и национальных последствий сталинских репрессий и восстановление исторической справедливости.

Ключевые слова: сталинские репрессии, приказ № 00447, тройки, Казахстан, антисоветские организации, репрессии, этнополитика, лагеря, тоталитаризм, национальные движения.

Для цитирования: Мамраймов С. Приказ № 00447 от 1937 года и структурно-институциональные механизмы советского репрессивного аппарата в Казахстане // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. С. 1230–1244. [на казахском яз.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1230-1244

ORDER NO 00447 OF 1937 AND THE STRUCTURAL-INSTITUTIONAL MECHANISMS OF THE SOVIET REPRESSIVE APPARATUS IN KAZAKHSTAN

Serikbay Mamraimov

U. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University
(13, A. Baitursynova str., 160000, Shymkent, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
<https://orcid.org/0000-0003-3820-1513>. E-mail: s_dauletuly@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Mamraimov S., 2025

Abstract. Introduction. The order of the NKVD of the USSR № 00447, adopted on July 30, 1937, initiated a new stage of the campaign of mass political repression in the Soviet space. Large-scale repressive operations were also carried out in Kazakhstan as part of this order. These repressions, which began at the height of Stalin's totalitarian system, were directed at all social, national and religious strata of the population. This study is devoted to the analysis of the content and nature of such historical injustice. *The purpose and objectives of the study.* The main purpose of this study is a comprehensive analysis of the actual content and structure of the repressive operations conducted in Kazakhstan under Order № 00447. To achieve this goal, the following tasks were set: Determining the social, national and political nature of repression; Description of the spatial range of repressions and targeted forms; Analysis of quantitative indicators of repressed persons based on documentary and statistical data; Disclosure of the legal and ideological grounds for repressive measures. *Materials and methods.* The research work was carried out mainly on the basis of archival documents, official reports, as well as data from state security agencies. *Results.* As a result of the repressive operations carried out in Kazakhstan on the basis of Order № 00447, 22,804 people were arrested. Of these, 9,500 people were sent to category 1 camps for execution, and 13,804 category 2 people were sent to camps. The repressions were directed at anti-Soviet organizations, nationalist structures, religious and sectarian communities, industrial underground organizations and Cossack White Guard groups. Operations were carried out especially intensively in border, industrial and national zones of complexity. Individuals who were not members of the organization, but caused political insecurity, were also subjected to repression. It has been established that although repressive measures are formally formalized in legal terms, they stand behind ideological and political goals. *Conclusion.* The conducted research showed that the Stalinist repressions were not only an action aimed at state security, but also a systemic policy of reformatting interethnic relations, religious structure, political elite and social classes. This article contributes to the re-examination of factual data from one of the most terrible periods in the history of Kazakhstan - the period of the "Great Terror" of 1937-1938. The study is assessed as a continuation of scientific research aimed at understanding the social and national consequences of Stalin's evil and restoring historical justice.

Keywords: Stalinist repression; Order №00447; troikas; Kazakhstan; anti- Soviet groups; persecution; ethnic policy; labor camps; totalitarianism; national movements.

For citation: Mamraimov S. Order № 00447 of 1937 and the structural-institutional mechanisms of the soviet repressive apparatus in Kazakhstan // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. No 4. Pp. 1230–1244. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1230-1244

Қысқашы. 1930-жылдардың соңы – КСРО тарихындағы ең зұлмат кезеңдердің бірі ретінде сипатталады. Бұл жылдар кеңестік биліктің тоталитарлық жүйе ретінде түбегейлі орнығып, мемлекеттік репрессиялық аппараттың бұрын-соңды болмаған ауқымда жұмыс істеген дәуірі болды. 1937 жылы шілде айында қабылданған №00447 оперативтік бұйрық осы репрессиялық саясаттың ең шарықтау шегі ретінде қарастырылады. Аталған бұйрық «бұрынғы кулактарды, қылмыскерлерді және антисоветтік элементтерді» жаппай жазалау арқылы қоғамды «тазартуға» бағытталды және

«үштіктер» деп аталатын соттан тыс органдардың көмегімен қысқа мерзімде жүздеген мың адамды жазалауға негіз болды.

Кеңестік репрессияларды зерттеу тек тарихи шындықты қалпына келтіру ғана емес, сонымен бірге қазіргі қоғам үшін саяси, құқықтық және адами сабақ алу тұрғысынан да өзекті. Бұл мақалада 1937 жылғы № 00447 бұйрығына сәйкес Қазақстанда жүргізілген жаппай репрессиялық науқанның құрылымы, әлеуметтік және этностық нысаналары, жүзеге асырылу механизмдері мен салдары архивтік деректер негізінде талданады. Зерттеу кеңестік қуғын-сүргіннің жүйелі сипатын көрсетуге және оның ұлттық жадтағы орнына баға беруге бағытталған.

Материалдар мен әдістері. Зерттеу барысында 1937–1938 жылдардағы сталиндік репрессиялық саясаттың Қазақстан аумағында жүзеге асырылу ерекшеліктері көпәспектiлi әдістер жүйесі негізінде қарастырылды. Жұмыстың негізгі материалдары ретінде ресми архивтік құжаттар, мемлекеттік органдардың статистикалық есебі, қауіпсіздік құрылымдарының жедел баяндамалары, тергеу хаттамалары және мемуарлық сипаттағы деректер пайдаланылды.

Бұл зерттеу жұмысы 1937–1938 жылдары Қазақстанда жүргізілген сталиндік репрессияларды тарихи-танымдық тұрғыдан зерделеуге бағытталған. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін кеңестік жүйенің тоталитарлық сипаты, саяси қуғын-сүргін механизмдері және оларды жүзеге асыру әдістері құрайды. Зерттеуде отандық тарихнамада қалыптасқан тұжырымдамалар, әсіресе тоталитаризм теориясы және репрессиялық мемлекеттілік феномені басшылыққа алынды.

Жалпы алғанда, зерттеудің әдіснамасы тарихилық, жүйелілік, объективтілік және деректік негіздеуге сүйенеді. Статистикалық, салыстырмалы-тарихи, құрылымдық-функционалдық және тарихи-салыстырмалы әдістер кеңінен қолданылды. Архивтік деректер мен заманауи ғылыми еңбектерді қатар қарастыру арқылы зерттеу кеңестік репрессиялық аппараттың ішкі логикасын, әлеуметтік бағытын және тарихи зардабын тереңірек ашуға бағытталды.

Талқылау. Ал енді аталған бұйрықтың мазмұны мен салдарын талдауға арналған ғылыми және публицистикалық еңбектерге келсек, бұл тақырыпта жазған зерттеушілер қатарында отандық та, шетелдік те ғалымдарды атап өтуге болады.

М. Қойгелдиевтің «Сталинизм и репрессии в Казахстане (1920–1940-х годов)» атты еңбегінде кеңестік репрессиялық саясаттың саяси-идеологиялық және құрылымдық негіздері ашылады. Ол еңбекте сталиндік жүйенің қазақ қоғамына тән дәстүрлі құрылымдарды жоюға бағытталғаны нақты тарихи мысалдар арқылы талданған. Осы тұжырым негізінде бұл зерттеуде репрессияларды ұлтты деконструкциялау тәсілі ретінде қарастыру басым [Қойгелдиев, 2009: 196].

М.Қ. Қозыбаевтың «Тарих зердесі» еңбегінде тарихи шындықты қалпына келтіру, тарихи сана мен ұлттық болмыстың тұтастығы идеясы зерттеу әдіснамасының рухани-идеялық өзегін құрайды. Ол кеңестік зұлматтың ұлттық интеллигенцияға, дін иелеріне, кулактар мен шаруаларға бағытталған әлеуметтік және этностық селекция сипатын ашып көрсетеді. Сондықтан бұл зерттеуде автордың дерекке сүйене отырып тарихи әділдікке ұмтылу тәсілі басшылыққа алынған. Манаш Қабашұлы: «Қазақ – неше түрлі қиямет замандарды басынан өткізген халықтардың бірі. Ол ішпеген у жоқ», – деп атап көрсеткен [Қозыбаев, 1998: 71].

«Политические репрессии в Казахстане в 1937–1938 гг.» жинағындағы нақты архивтік құжаттар, «үштік» отырыстарының хаттамалары, ішкі істер органдарының есептері тарихи-фактологиялық әдістің негізгі дереккөздері ретінде пайдаланылды. Бұл дереккөздер арқылы репрессиялар көлемі, олардың әлеуметтік тобы, аймақтық сипаты және қолданылған жазалау шаралары жүйелі түрде талданды [Политические репрессии в Казахстане в 1937–1938 гг., 1998: 5-11].

Г. Нұрбетованың «История «красного террора» в Казахстане (20–30-е гг. XX в.)» зерттеуінде кеңес өкіметінің идеологиялық күресі мен саяси тазалау науқандарындағы репрессивтік аппараттың қызметі нақты сипатталады. Автор марксистік-лениндік идеологияның ұлттық кеңістікте қалай жүргізілгенін көрсетіп, саяси репрессияны жүйелік билік құралы ретінде зерделейді. Осы концепцияны негізге ала отырып, зерттеуде қуғын-сүргінді орталық билік пен отарлық басқарудың институционалдық тетіктері ретінде қарастыру әдісі қолданылды. Ол «Қызыл террор» тарихына арнаған еңбегінде Қазақстандағы «20-30-шы жылдардағы процесстердің саяси тарихы енді ашылып жатқанын атап кету қажеттігін» көрсетеді [Нұрбетова, 2003: 6].

Т. Қожакеевтің Қым-қуат іздер еңбегі репрессияланған интеллигенция тағдырын нақты тұлғалар мысалында аша отырып, психологиялық, моральдық және ұлттық деңгейдегі зардаптарын бағалауға жол ашады. Саяси идеялық ахуал шығармашылық интеллигенцияны рухани дағдарысқа душар етті. Бір біріне сенбестік орын алып, олар бір біріне ғана емес, өз шығармаларына да күдіктене

қарады. «Қашан, қалай айыптауға түсуіміз мүмкін» деген қорқыныш пен үрейдің жетегінде жүрді [Қожакеев, 1999: 138].

М. Юнге, Б. Бонвеч және Р. Биннер құрастырып, Ресей, Украина және Германия тарихшыларының қатысуымен жарық көрген «Сталинизм в советской провинции: 1937–1938 гг.» атты іргелі ұжымдық монографияда осы бұйрықтың өңірлік деңгейде қалай жүзеге асқандығы кең көлемде сараланады. Зерттеуде аймақтық НКВД құрылымдарының қызметі, «үштіктердің» шешім қабылдау тетіктері, орталықтан келген лимиттерді орындау механизмі және репрессияланғандардың әлеуметтік құрылымы архивтік деректерге негізделі отырып жан-жақты талданған.

Бұл еңбек №00447 бұйрығы бойынша жүргізілген репрессиялардың кеңестіктік ауқымын, әлеуметтік бағытын және билік құрылымдарының репрессивтік әлеуетін ашып көрсету арқылы сталиндік қуғын-сүргін тарихын зерттеушілер үшін аса маңызды ғылыми дереккөз болып табылады [Юнге и др., 2009: 459].

Марк Юнге, Геннадий Бордюгов және Рольф Биннердің авторлығымен жарық көрген «Вертикаль большого террора: История операции по приказу НКВД №00447» атты іргелі зерттеу осы репрессиялық науқанның барлық кезеңдерін архивтік құжаттар негізінде жүйелі түрде ашып көрсетеді.

Кітапта операцияның орталық аппарат пен жергілікті құрылымдар арасындағы тікелей иерархиялық бағыныштылығы (вертикаль) егжей-тегжейлі баяндалып, НКВД құрылымдарының, партия органдарының, сондай-ақ кеңестік қоғамдағы қарапайым азаматтардың репрессиялық науқанға қатысу формалары сипатталады. Авторлар орталықтың нұсқаулары, лимиттік жүйе, үштіктердің қызметі, құжаттардың шынайылығы және әлеуметтік-саяси топтарды жою логикасы секілді күрделі мәселелерге ғылыми талдау жасайды.

Зерттеу операцияның тек саяси қарсыластарды ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды әлеуметтік топтарды – «кулактарды», дін өкілдерін, бұрынғы «буржуазиялық элементтерді» жоюға бағытталғанын көрсетеді. Авторлар бұл науқанның жоспарлы әлеуметтік тазарту ма, әлде партия ішіндегі және қоғамдағы саяси оппозицияны жою науқаны ма деген негізгі сұраққа жауап іздейді [Юнге и др., 2008: 119].

Роберт Конквесттің «Большой террор» атты еңбегі Кеңес Одағындағы сталиндік репрессияларды Батыста алғашқылардың бірі болып жан-жақты зерттеген іргелі еңбек. Автор 1937–1938 жылдардағы «Үлкен террордың» – соның ішінде НКВД-ның №00447 бұйрығына сәйкес жүргізілген «кулактарға» қарсы операцияның ауқымы мен механизмдерін талдайды.

Конквест репрессияларды «жергілікті бастамалар» емес, жоғарыдан – Сталиннің тікелей нұсқауымен жүзеге асқан орталықтандырылған мемлекеттік террор деп бағалайды. Ол бұл науқанның лимиттік жоспарлар бойынша ұйымдастырылғанын, «үштіктердің» бірнеше минут ішінде үкім шығарып, мындаған адамды атуға жібергенін дәлелдейді.

Автор бастапқыда 20 миллионға жуық құрбан санын келтіргенімен, кейінгі архивтік мәліметтерге сүйене отырып, нақты деректерді қайта қарап, шамамен 1 миллион ату жазасы мен 2 миллион лагерьге қамалғанды мойындаған [Конквест, 1991: 22].

Бұл еңбек кеңестік тоталитаризм табиғатын түсіндіруде және №00447 тәртізді репрессиялық бұйрықтардың мәнін ашуда маңызды дереккөз ретінде қабылданады.

Н.Н. Аблажей мен А.С. Жанбосинованың «Массовые операции НКВД 1937–1938 гг. в отношении уголовных и «деклассированных элементов» атты мақаласы кеңестік саяси қуғын-сүргіндердің, соның ішінде Қазақстандағы Ұлы террор кезеңінің өзекті мәселелерін талдауға арналған. Олар кеңестік репрессиялық саясаттың зерттелуі әлі де толық және жүйелі сипат ала қоймағанын атап өтіп, 1937–1938 жылдардағы террордың маргиналдық және өтпелі қоғамды социалистік құрылысқа бейімдеу үдерісіндегі рөлін анықтауға назар аударады.

Авторлар мұрағат мәліметтері негізінде 1937–1938 жылдары Қазақстанда шамамен 27 мың адамның қуғындалғанын, оның 3,7 мыңы «қылмыскер» ретінде айыпталып, үштен бірі ату жазасына кесілгенін анықтайды. Зерттеу қорытындысы бойынша кеңес билігінің маргинал және «деклассаланған» топтарды саясиландыруы олардың шынайы әлеуметтік рөлін бұрмалап, жаппай қуғын-сүргіндердің өршуіне алып келгені көрсетіледі [Аблажей, Жанбосинова, 2024: 102-126].

Олег Хлевнюктың «Сталин. Жизнь одного вождя» атты ғажап еңбегі – Сталиннің архиві негізіндегі жан-жақты портретін ұсынатын қос желілік сипаттамасы бар биография. Біріншісі – негізгі сюжет Сталиннің өмірімен және саяси мансабымен таныстырады, ал екіншісінде оның өлім алдындағы соңғы күндері әдеби драмалық форматта баяндалады.

Хлевнюктың негізгі идеясы төмендегідей: Сталин – диктатор ретінде саяси шешімдерді өзі қабылдаған тәуелсіз лидер, ол репрессия мен террордың бастамашысы ретінде қоғамдық экономикадағы дағдарысқа «дауды» емес, «адам тағдырларын» енгізген – орталықтандырылған биліктің тікелей өнімі болды. Архив материалдарына сүйене отырып, автор 1930–1950 жылдардағы репрессиялар, ГУЛАГ, азаматтардың тағдыры тақырыбын ғылыми тұрғыда ұсынады [Хлевнюк, 2015: 11-15].

Бұл кітап – Сталин дәуіріндегі қоғамдық-саяси құрылысты терең талдауға, сондай-ақ №00447 бұйрығы мен «Үлкен террорға» қатысты оқиғалар тізбегін түсіндіруге арналған маңызды ғылыми дереккөз болып табылады.

Барсенков пен Вдовиннің «История России» еңбегі – Кеңес Одағының құрылуынан бастап ХХІ ғасырдың басына дейінгі Ресей тарихының терминалды кезеңдерін қамтитын кешенді оқулық. Бұл еңбек 1917 жылғы революциялар, Кеңестік кезеңнің эволюциясы, сталиндік қуғын-сүргін, КСРО ыдырауы мен заманауи Ресейдің қалыптасуы сияқты маңызды тарихи сәттерге жан-жақты талдау жасайды. Авторлар жазбаша дереккөздерді, мемлекеттік және партиялық құжаттарды, сондай-ақ статистикалық мәліметтерді біріктіріп, оқырманға тарихи оқиғаларды пәндік және қоғамдық тұрғыдан пайымдауға арналған жүйелі шолу ұсынады.

Бұл еңбектегі өте құнды бөлім – сталиндік дәуір мен кеңестік репрессиялық аппараттың құрылымдық сипаттамаларын тарихи конструкция тұрғысынан түсіндіруі. Барсенков пен Вдовин ұғындырғандай, репрессиялар кеңестік саяси жүйенің функциясы ретінде қалыптасып, одан әрі аппараттардың адам тағдырына әсер ету деңгейіне дейін эволюцияланды. Олар бүкіл науқандардың әлеуметтік, экономикалық және идеологиялық әсерін, Кеңес Одағының саяси тұтастығын қамтамасыз ету құралдары ретінде қалай пайдаланылғанын көрсетеді [Барсенков, Вдовин 2010: 241-253].

1937–1938 жылдары Кеңес Одағында жүргізілген «Үлкен террор» науқаны тоталитарлық жүйенің репрессиялық әлеуетін шегіне жеткізді. Осы кезеңде қабылданған №00447 бұйрығы «кулактарды», «қылмыстық элементтерді» және «қоғамға жат тұлғаларды» жаппай жазалауға негіз болды. Г.М. Ивановтың История ГУЛАГа, 1918–1958: социально-экономический и политико-правовой аспекты атты еңбегінде осы бұйрықпен тікелей байланысты лагерьлік жүйенің кеңеюі мен құрылымдық өзгерістері жан-жақты сипатталған.

Автор атап өткендей, 1937–1938 жылдары НКВД-ның жедел бұйрықтары аясында тұтқындар саны күрт артты. Репрессияға ұшырағандардың елеулі бөлігі ГУЛАГ жүйесіне жіберіліп, олар мәжбүрлі еңбекке тартылды. Бұған қоса, Иванов архивтік құжаттар негізінде №00447 бұйрығы орындалғаннан кейін лагерьлердің географиясы айтарлықтай кеңейіп, Қазақстан, Сібір, Қиыр Шығыс және Орал өңірлерінде жаңа лагерлік құрылымдар пайда болғанын көрсетеді. Бұл – орталықтың экономикалық және саяси стратегиясымен тікелей байланысты: режим сенімсіз деп таныған элементтерді оқшаулай отырып, оларды индустрияландыру мен құрылыс салаларында пайдалануға мүмкіндік алған.

Сол кезеңдегі лагерлік тәртіп, жұмыс нормалары, санитарлық жағдай және өлім көрсеткіші туралы нақты деректер келтіре отырып, Бродский репрессиялық жүйенің адам құқықтарын жүйелі түрде бұзғанын, ал мәжбүрлі еңбек экономикалық тиімділікке емес, саяси мақсаттарға қызмет еткенін дәлелдейді [Иванов, 2006: 115].

Т.У. Эльбуздукаева Реализация приказа НКВД СССР № 00447 в Чечено-Ингушетии в 1937-1938 гг. деген мақаласында 1937 жылғы қазан айында Грозныйға Политбюро мүшелігіне кандидат, Ежовтың орынбасары М.Ф. Шкирятов келді. 1937 жылғы 8-10 қазан аралығында өткен Чечено-Ингуш обком партиясының кеңейтілген Пленумында Шкирятов чечен және ингуш облыстық комитетінің барлық мүшелерін тұтқындау туралы бұйрық берді. Оларды пленум залының өзінде тұтқындады. Шкирятовтың тұтқындау туралы бұйрығы республика үкіметінің төрағасынан бастап ауылдық совет төрағасына дейінгі барлық чечен және ингуш қызметкерлеріне қатысты болды. Тұтқындаулар 1938 жылғы қараша айына дейін жалғасты. Сол уақытқа қарай Чечено-Ингуш Республикасы «халық жаулары» дегендерден толық тазартылды деп жазады [Эльбуздукаева, 2015].

Бұл оқиғалар мен саяси репрессиялардың сценарийі Кеңес Одағының басқа республикаларында, соның ішінде Қазақстанда да қайталанды. 1937-1938 жылдар аралығында Қазақстандағы партия және мемлекеттік қызметкерлердің арасында да «халық жаулары» ретінде айыпталған мыңдаған адам тұтқындалып, ату жазасына кесілді немесе лагерьлерге жіберілді. Қазақстандағы ұлттық және саяси тазалаулар ауқымды түрде жүргізіліп, әсіресе қазақ зиялылары мен белсенділері, ұлт-азаттық қозғалысына қатысы бар деген күдікпен көптеген адам қудаланды.

Нәтижелер. 1937 жылғы 30 шілдеде КСРО Ішкі істер халық комиссары Н.И. Ежов қол қойған №00447 нөмірлі «Бұрынғы кулактарды, қылмыскерлерді және өзге де антисоветтік элементтерді репрессиялау жөніндегі операция туралы» атты оперативтік бұйрық кеңестік қуғын-сүргін саясатының ең шоғырланған әрі қатаң түрін білдірді. Бұл құжат кең көлемдегі репрессиялық науқанның құқықтық-әкімшілік негізін қалап, Кеңес Одағында миллиондаған адамның тағдырын шешті. Аталған бұйрық – сталиндік «Үлкен террордың» негізгі тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады.

Құжаттың кіріспе бөлімінде тергеу материалдарына сілтеме жасай отырып, бұрынғы кулактар мен өзге де кеңеске қарсы «элементтердің» ауылдық жерлерде жасырын әрекет етіп жатқаны, лагерьлерден, жер аударудан қашып шығып, қайта қоғамға еніп кеткені айтылады. Сондай-ақ діни сектанттар, бұрынғы эссерлер, дашнактар, мусаватшылар мен ақгвардияшылар сияқты саяси топтардың өкілдері де нысанаға алынған.

Бұйрықта көрсетілгендей, антисоветтік элементтердің бір бөлігі қалаларға ауысып, өнеркәсіп, көлік және құрылыс салаларына еніп, осылайша кеңес қоғамына қауіп төндіруін жалғастырып отыр деген тұжырым жасалған. Осыдан барып, мемлекет тарапынан бұл топтарды «ең қатаң әдіспен жою» міндеті қойылды.

№00447 бұйрықтың «Репрессияға жататын топтар» бөлімінде репрессияға ұшырауға тиіс адамдардың нақты 9 санаты көрсетілген. Олар: Бұрынғы кулактар, яғни тап ретінде жойылған, бірақ қоғамдық өмірге қайта енген, антисоветтік әрекеттерін жалғастырып жүрген азаматтар; Лагерьлер мен еңбек поселкелерінен қашып шыққандар, тәркілеуден бой тасалағандар; Көтерілісшіл, террористік, бандиттік ұйымдарға қатысқандар; Антисоветтік партиялардың мүшелері мен шетелден оралғандар, соның ішінде ақгвардияшылар, жазалаушылар; Фашистік және шпиондық құрылымдардың белсенді мүшелері, тергеуі аяқталғанымен сот үкімі шықпағандар; Қамауда отырып антисоветтік үгіт жүргізген тұлғалар – кулактар, дінилер, бандиттер; Қылмыстық ортада беделге ие рецидивистер, қарақшылар, алаяқтар, мал ұрылары; Еңбек мекемелерінде отырып қылмыс жасағандар; Ауыл мен қалада түрлі салада жұмыс істеп жүргендердің ішінен жоғарыда аталған санатқа жататындар.

Аталған операция 1937 жылғы 5 тамыздан бастап барлық республикаларда, облыстар мен өлкелерде басталды. Орта Азия республикалары – Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан мен Қырғызстанда операция 10 тамызда, ал Қиыр Шығыс, Краснояр өлкесі және Шығыс Сібір облыстарында – 15 тамызда басталатыны нақты көрсетілген. Бұл хронологиялық жіктеу КСРО-ның әр өңіріндегі саяси бақылау мен репрессиялық қуаттың біртіндеп орталықтан енгізілу үдерісін білдіреді.

1937 жылғы №00447 бұйрықтың «Репрессияға ұшырайтындарға қолданылатын жаза шаралары мен олардың саны туралы» атты бөлімі – репрессияға ұшырайтындарды нақты санаттарға бөліп, оларға қолданылатын жазалау шараларын айқындаумен ерекшеленеді. Бұл құжат Кеңес Одағындағы мемлекеттік қуғын-сүргін саясатының жүйелік сипатын және алдын ала жоспарланған жазалау механизмін ашық түрде көрсетеді.

Репрессияланатын азаматтар екі негізгі санатқа бөлінген. Бірінші санатқа – кеңестік жүйеге аса қауіпті деп танылған, яғни жаулықпен қарайтын, контрреволюциялық әрекеттерге белсенді қатысқан немесе сондай әрекеттерге қабілетті деп танылған тұлғалар енгізілді. Бұл азаматтар дереу тұтқындалып, істері НКВД жанындағы арнайы үштік тарапынан қаралған соң, ең ауыр жаза – ату үкімімен жазаланды.

Екінші санатқа – саяси сенімі бойынша кеңес билігіне қарсы ниеттегі, бірақ әрекеті аз белсенді болған элементтер жатқызылды. Бұл топқа кіретіндер де тұтқындалып, олар үшін 8 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзеу лагерьлеріне жіберу қарастырылды. Кейбір ерекше қауіпті деп танылғандар – түрме жазасына кесілді. Бұл да арнайы үштік арқылы жүзеге асырылды.

Құжатта қазақ кеңестік социалистік республикасында әрбір облысқа бөлінген репрессиялық квоталар бекітілген.

Кесте 1. 1937 жылғы № 00447 бұйрық бойынша Қазақстанға бөлінген квота [«Через трупы врага на благо народа», 2010: 110].

№	Облыс атауы	Бірінші санат (ату)	Екінші санат (лагерь)	Барлығы
1	Солтүстік Қазақстан облысы	650	300	950
2	Оңтүстік Қазақстан облысы	350	600	950
3	Батыс Қазақстан облысы	100	200	300
4	Қостанай облысы	150	450	600
5	Шығыс Қазақстан облысы	300	1050	1350
6	Ақтөбе облысы	350	1000	1350
7	Қарағанды облысы	400	600	1000
8	Алматы облысы	200	800	1000
9	НКВД лагерлері	10000	–	10000
10	Жалпы (Қазақ КСР бойынша)	12500	5000	17500

Сонымен қатар, НКВД басшылығына бұл квоталарды өз бетінше өзгертуге қатаң тыйым салынған. Егер қандай да бір өңірде жағдай күрделенсе және қосымша репрессиялық шаралар қажет болса, НКВД басшылары тек орталыққа ресми ұсыныс жолдауы тиіс. Бұл орталықтандырылған басқару жүйесінің шексіз билігін айқындап тұр.

Айта кетерлік тағы бір жайт – бірінші санаттағы адамды екінші санатқа немесе керісінше ауыстыруға рұқсат етіледі. Бұл шешім тек ерекше жағдайларда ғана қарастырылып, ол да үштіктің мақұлдауымен жүргізілуі тиіс болған. Ал отбасыларға қатысты саясат белгілі бір гуманитарлық жеңілдік танытқандай көрінгенімен, оның астарында да қатаң бақылау мен әлеуметтік оқшаулау стратегиясы жатқан.

1937 жылғы №00447 бұйрықтың «Операцияны жүргізу тәртібі» атты бөлімі – кең көлемдегі репрессиялық операцияны аумақтық, уақыттық және құрылымдық жағынан қалай іске асыру қажет екенін нақтылап беретін егжей-тегжейлі нұсқаулық сипатында. Бұл бөлім НКВД құрылымының жаппай қуғын-сүргінді жүйелі түрде, жоспарлы және қатаң тәртіппен ұйымдастыруға ұмтылғанын айғақтайды.

Репрессиялау ісі алдымен бірінші санатқа жатқызылған контингенттерден басталды. Бұл санаттағы тұлғалар – кеңестік билікке ең қауіпті, жаулықпен қарайтын деп танылғандар. Ал екінші санаттағы контингенттерге қатысты шаралар кейінге қалдырылды. Олар жөнінде арнайы нұсқау берілгенше ешқандай әрекет жүргізілмейді. Тек республикалық, облыстық немесе өлкелік НКВД басшылары бірінші санаттағы операцияны аяқтағаннан кейін ғана, екінші санатқа көшуге мүмкіндік алды. Алайда бұл үшін олардың орталыққа арнайы өтініш жіберіп, рұқсат алуы міндетті болды. Осылайша, орталықтың тікелей бақылауы мен рұқсатынсыз ешқандай қадам жасауға болмайтын тәртіп қалыптасты.

Түрмелер мен лагерлерге түрлі мерзімге сотталған азаматтарға қатысты да нақты тәртіп белгіленген. Бұл тұлғалар жөнінде – үкім шыққан сайын – НКВД басшыларына жедел есеп жіберілуі тиіс болды. Бұл есептерде қанша адам сотталғаны, қандай мерзімге, қай лагерьге немесе түрмеге жіберілгені туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс еді. Мұндай деректер НКВД-ның орталық аппаратына түсіп, олар арнайы нұсқаулық беру арқылы әр сотталғанды белгілі бір лагерьге бөлуді реттеп отырды.

Әрбір репрессияланушы азамат туралы дербес құжаттар мен айыптау материалдары жинақталып, арнайы тұтқындау тізімдері жасалды. Бұл тізімдер жедел топ басшысы тарапынан қол қойылып, НКВД басқармасына ұсынылды. Басқарма немесе облыстық бөлім басшысы тізімді бекіткеннен кейін ғана тұтқындауға санкция берілді. Санкцияланған тұлғаларды тұтқындау арнайы ордер негізінде жүзеге асырылды.

Тұтқындау барысында міндетті түрде тінту жүргізілді. Тінту кезінде қару-жарақ, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, у, контрреволюциялық әдебиет, шетел валютасы, бағалы металдар, көбейту техникасы және басқа да күдікті заттар тәркіленіп, тиісті хаттамамен рәсімделді. Бұл – репрессия тек адамды ғана емес, оның мүлкін де бақылауға алу саясатын ұстанғанын білдіреді.

Бұйрықтың «Тергеу жүргізу тәртібі» бөлімінде әрбір тұтқындалған тұлғаға немесе бір топ азаматқа жеке тергеу ісі ашылатыны, және тергеу жеңілдетілген әрі жедел түрде жүргізілетіні

көрсетілген. Мұндай «жеңілдетілген» тәртіп – іс жүзінде кеңес құқықтық жүйесінің шынайы сот процессуалдық стандарттарын айналып өтіп, тергеуді тек саяси-әкімшілік тұрғыдан жүргізуге жол ашты.

Тергеу ісі аяқталғаннан кейін, іс арнайы үштікке жолданды. Үштіктің қарауына ұсынылатын материалдар тізімі нақты айқындалған. Олардың қатарында тұтқындау ордері, тінту хаттамасы мен тәркіленген материалдар, жеке құжаттар, анкеталық мәліметтер, агентуралық және есептік материалдар, тергеу хаттамасы мен қысқаша айыптау қорытындысы болды. Бұл материалдар кейде бір-ақ беттен тұратын қысқаша сипаттама ретінде дайындалды. Мұндай қарапайымдылық – кеңестік жүйенің әділ сот процесінен қаншалықты алыс кеткенін көрсетеді.

№ 00447 бұйрықтың «Үштіктерді ұйымдастыру және олардың жұмысы» бөлімінде әр облыстағы үштіктердің нақты құрамы бекітілген. Қазақ КСР аясында әрбір облыс бойынша НКВД өкілі төрағалық ететін үштікке екі мүшеден тұратын қосымша тұлғалар енгізілген. Бұл құрам – саяси және құқықтық шешім қабылдаудың жалғыз орталығы болды. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында үштіктің төрағасы Панов болса, мүшелері – Степанов және Сегізбаев. Оңтүстік Қазақстан облысында – төраға Пинтель, мүшелері – Досов пен Случак. Осындай үлгімен Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Батыс Қазақстан және Алматы облыстарындағы үштіктер де арнайы тағайындалған.

Үштік құрамына кірмесе де, облыстық немесе республикалық прокурорлардың отырысқа қатысуына рұқсат етілген. Алайда бұл қатысу – тек кеңес беруші сипатта болды және прокурор шешім қабылдауға ықпал ете алмайтын. Бұл – репрессия процесінің таза әкімшілік сипат алғанының, заңдылық қағидаттарының шетке ысырылғанының белгісі.

Әрбір отырыстың нәтижесі хаттама түрінде ресімделіп, онда әрбір адамға қатысты үкім нақты көрсетілді. Бұл хаттама жедел топ басшысына жіберіліп, ол үкімді орындауға жауапты болды. Ал тергеу істеріне сотталған тұлға туралы хаттамадан арнайы үзінді тіркелді.

Бұйрықтың «Үкімдерді орындау тәртібі» бөлімінде көрсетілгендей, барлық үкімдер – үштіктердің төрағаларының тікелей нұсқауымен жүзеге асырылуы тиіс болды. Бұл лауазым иелері қатарында республикалық НКВД халық комиссарлары мен облыстық басқарма бастықтары болды. Үкімнің орындалуына негіз ретінде екі құжат пайдаланылды: үштік отырысының хаттамасынан алынған куәландырылған үзінді және арнайы жазбаша нұсқау. Бұл екі құжат – сотсыз, жария процеске түспеген, ешбір апелляцияға жатпайтын үкімнің жалғыз тірегі еді.

Бірінші санат бойынша – яғни ату жазасына кесілген азаматтарға қатысты үкімдер – құпия түрде, нақты орын мен уақытты жарияламай жүзеге асырылды. Бұл тіпті репрессияланған тұлғаның отбасы, туған-туысы, кейде тіпті өзі де нақты қай күні атылатынын білмей кеткенін білдіреді. Үкім орындалған соң, тиісті құжаттар жеке тергеу ісіне жапсырылған арнайы конвертке тіркеліп, іс жабылатын.

Екінші санаттағы азаматтар – 8 жылдан 10 жылға дейін еңбекпен түзеу лагерлеріне сотталғандар – НКВД-ның ГУЛАГ жүйесі арқылы жіберілді. Бұл үшін арнайы жолдамалар негізге алынды. ГУЛАГ – кеңестік концентрациялық лагерьлердің жалпы жүйесі, яғни сталиндік репрессияның физикалық орындалу кеңістігі – осы лагерьлер болды. Миллиондаған адам осы жүйе аясында сотталды, ауыр еңбекке жегілді немесе өмірінен айырылды.

«Операцияны басқаруды ұйымдастыру және есептілік» бөлім – кең көлемді репрессиялық науқанның тек құқықтық немесе идеологиялық емес, сондай-ақ әскери-әкімшілік басқару объектісі ретінде де қабылданғанын көрсетеді. Бұл бөлімде операцияны тікелей басқару КСРО НКВД басшысы Ежовтың орынбасары, армия корпусының комиссары Фриновскийге жүктелгені атап көрсетіледі. Фриновский басшылық ететін арнайы жедел топ – бүкіл одақ көлемінде жаппай қуғын-сүргіннің ұйымдастырушылық өзегіне айналды.

Операция аясында барлық үкімдерге қатысты №1 үлгідегі есеп карточкалары мен үштіктер хаттамалары дереу НКВД Мемлекеттік қауіпсіздік бас басқармасының 8-бөліміне жолдануға тиіс болды. Әсіресе бірінші санат бойынша сотталғандар жөнінде – барлық құжаттар мен тергеу істері қосымша тіркелді. Бұл – әрбір өлім жазасына кесілген адамның ісі орталықтан мұқият қадағаланып, бюрократиялық архивте нақты есеппен сақталғанын дәлелдейді.

Операция нәтижелері жөнінде барлық республикалар мен облыстар орталыққа нақты уақыт аралығында – ай сайын 1, 5, 10, 15, 20 және 25 күндері – қысқаша телеграмма және пошта арқылы толық мазмұнды баяндама жіберуге міндеттелді. Бұл – қуғын-сүргін процесінің автоматтандырылған есеп жүйесіне негізделіп жүргізілгенін көрсетеді [«Через трупы врага на благо народа», 2010: 99-115].

№00447 бұйрықтың тек бір реттік саяси науқан емес, тоталитарлық жүйенің толық институционалдық моделіне айналғанын айқын бейнелейді. Репрессияның тек шешім қабылдау немесе тұтқындау кезеңі ғана емес, оны орындау, құжаттау және орталыққа есеп беру процестері де толық жүйелендірілген. Бұл – кеңес одағындағы «құқықтың» формалды сипат алып, биліктің абсолюттік бақылау құралына айналғанын растайды.

НКВД аппараты тек күштік құрылым емес, сондай-ақ деректер жинаушы, өңдеуші және орталыққа бағынатын әкімшілік-мемлекеттік құрылым ретінде жұмыс істеді. Адам тағдыры – сандар мен кестелерге, жоспар мен квоталарға айналды. Репрессия – саяси тәртіпті сақтаудың құралы ретінде емес, мемлекеттің басқару тетігіне айналды.

Қазақ КСР аумағында жүргізілген операция барысында: 1-санат бойынша (жазалауға жататындар): 9500 адам; 2-санат бойынша (лагерьлерге жіберілетіндер): 13 804 адам сотталған.

Сотталғандардың басым бөлігі УГБ (Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасы) тарапынан кеңеске қарсы ұйымдарға, топтарға немесе жеке антисоветтік элементтерге қатысты істер бойынша тұтқындалған. Бұл контингенттің саны – 20 059 адамға жеткен. Олардың 8662-сі 1-санат бойынша жазаланған.

Милиция тарапынан тергеліп, тұтқындалған 2745 адамның 838-і 1-санат бойынша ату жазасына кесілген. Осы арқылы операция екі бағытта – УГБ желісі бойынша саяси айыпталушылар және милиция арқылы қылмыстық элементтерге бағытталғаны байқалады.

Операция барысында кеңеске қарсы әрекет еткен немесе ондай әрекетке қатысы бар делінген ұйымдар мен топтар әшкереленіп, жойылғаны баяндалады. Кеңестік баяндамада аса қауіпті ұйым ретінде пантүркістік, панисламистік және ұлтшыл сипаттағы террористік-диверсиялық құрылымдар көрсетілген.

Кеңестік тергеу мәліметтері бойынша, бұл ұйымдардың тамыры Түркістан өлкесіндегі 1917–1919 жылдар аралығындағы пантүркістік қозғалыстар мен «Алаш Орда» қызметімен байланысты. Алаш зиялылары Рысқұлов, Қожанов, Нұрмақов, Құлымбетов, Жүргенов сияқты қайраткерлерге «кеңестік аппаратқа еніп, партия мен үкімет құрылымдарына ықпал ету арқылы ұлтшыл-әлеуметтік жат элементтерді билікке әкелді» деген айып тағылды.

1927–1928 жылдардан бастап бұл ұйым Троцкийдің ықпалымен қайта жанданып, қарулы төңкеріс арқылы Кеңес үкіметін құлатуға, Қазақстанды Одақ құрамынан бөліп алуға және буржуазиялық үлгідегі ұлттық мемлекет құруға бағытталған делінді. Олардың іс-әрекеті феодалдардың мүлкін тәркілеу, ұжымдастыру, байларды тап ретінде жою науқандарын пайдалану арқылы бұқараны Кеңес өкіметіне қарсы қою, аймақтық көтерілістер ұйымдастыру сияқты тәсілдермен сипатталды.

1932–1938 жылдары бұл ұйымның кеңестік «оңшылдар блогымен» байланыс орнатқаны, диверсиялық және тыңшылық қызметтер атқарғаны, ал болашақта жапон империализміне сүйеніп, Қазақстанда автономиялық буржуазиялық мемлекет құруды көздегені туралы айыптаулар тіркелген.

Кеңеске қарсы ұйымдарға қатысы бар делінген 4297 адам тұтқындалған. Олардың 2062-сі 1-санат бойынша ату жазасына кесілген. Осы топтың ішінен 3151 адам тергеу барысында кеңеске қарсы әрекеттерін мойындаған және өзгелердің үстінен көрсетпе берген. Мұндай мәжбүрлі мойындаулар сталиндік тергеу тәсілдерінің репрессивті табиғатын көрсетеді.

Жалпы кеңеске қарсы ұйымдар бойынша: сотталған – 9306 адам; оның ішінде 1-санат бойынша – 4996 адам.

Осы сандардың өзі бұл операцияның мақсатты түрде ұлтшылдықпен, саяси оппозициямен және әлеуметтік тұрғыдан «сенімсіз» элементтермен күреске бағытталғанын айғақтайды. Сонымен қатар, бұл көрсеткіштер кеңестік қуғын-сүргіннің тек идеологиялық емес, әлеуметтік тазарту сипаты болғанын да көрсетеді.

1937 жылғы № 00447 бұйрығына сәйкес жүргізілген операциялар аясында Алматы облысының Ұйғыр, Жаркент, Шелек және Қордай аудандарында ұйғыр және дүнген халықтарының өкілдерінен құралған кеңеске қарсы ұйымдар әшкереленіп, жойылғаны туралы баяндалған. Кеңестік қауіпсіздік құрылымдары бұл ұйымдарды Алашшыл және кеңеске қарсы қазақ ұлтшыл ұйымдарымен байланыста болған деп сипаттады.

Ұйғыр ұлтшыл ұйымының басында белгілі ұйғыр қайраткерлері ретінде Розыбакиев пен Сүлейменов аталған. Ал дүнген ұйымы Масанчи басшылығындағы құрылым ретінде көрсетілген. Бұл ұйымдардың әрекеттері шекаралық аудандарда жүргізілген және Қытай Халық Республикасының батыс аймақтарымен байланыста болған деп баяндалды. Сонымен қатар, кеңестік құжаттарда бұл

ұйымдар жапон барлау қызметінің агентурасымен байланыста, шпиондық, көтерілісшіл және диверсиялық сипаттағы әрекеттермен айналысты деген айып тағылған.

Ұйғыр ұйымы бойынша 117 адам тұтқындалып, «үштікпен» сотталған, оның ішінде – 65 адам – 1-санат бойынша, яғни ату жазасына кесілген.

Дүнген ұйымы бойынша 55 адам сотталған, оның ішінде – 38 адам – 1-санатпен жазаланған.

Жалпы екі ұйым бойынша 172 адам «үштік» арқылы сотталып, 103 адам 1-санат бойынша ату жазасына кесілді.

Бұл деректер ұлтшылдық сипаттағы ұйымдарды жоюды кеңестік биліктің идеологиялық тұрғыдан ғана емес, этносаралық қатынастарды бақылау құралы ретінде де пайдаланғанын көрсетеді.

Кеңестік есептерге сәйкес, 1937–1938 жылдары антисоветтік, ұлтшылдық және панисламистік сипаттағы ұйым да жойылған. Бұл ұйым негізінен Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Алматы және Батыс Қазақстан облыстарында кеңінен таралған. Оның құрамында молдалар, ишандар, жартылай феодалдар, байлар мен өзге де дәстүрлі элиталық топтардың өкілдері болған.

Алғашқыда бұл құрылым пантүркістік ұйымның тармағы ретінде әрекет еткенімен, кейіннен бірігіп, діни-ұлтшыл сипаттағы жасырын құрылымға айналған. Кеңестік баяндамаларда ұйым жетекшілері Уфадағы мұсылмандардың орталық діни басқармасы арқылы жапон барлау агенттерімен байланыс орнатты деп сипатталған. Ұйымның жетекшілерінің бірі ретінде Тардеиманов есімі аталады.

Бұл ұйым бойынша: 1363 адам тұтқындалып, «үштік» арқылы сотталған; оның ішінде 829 адам 1-санатпен ату жазасына кесілген; 771 адам тергеу барысында кінәсін мойындап, ұйымға қатысы барын растаған.

Ұйымның кең таралуы және діни элитаның белсенділігі кеңестік биліктің дінге қарсы ұстанымын күшейтіп, мұндай құрылымдарды толық жоюға бағытталған репрессиялық әрекеттерді ақтауға себеп болды.

№ 00447 бұйрығы аясында кеңестік қауіпсіздік органдары Қазақстан аумағындағы казак ақгвардияшыл, кеңеске қарсы ұйымдарды әшкерелеп, жойды. Бұл ұйымдардың негізгі ошақтары ретінде Алтай, Павлодар, Орал, Солтүстік Қазақстан және Алматы өңірлері аталды.

Алтай казактарының көтерілісшіл-диверсиялық ұйымы кеңестік баяндамаларда ерекше қауіпті құрылым ретінде сипатталған. Ұйым құрамында бұрынғы казак офицерлері, атамандар және шетелмен байланысы бар эмигранттар болған. Кеңес деректеріне сәйкес, ұйымның шетелдік ақгвардияшыл орталықтармен, соның ішінде жапон барлау қызметімен (Шарасум қаласы арқылы) байланыста болғаны айтылған.

Бұл ұйым бойынша 908 адам сотталып, 455 адам – 1-санатпен жазаланған. Сотталғандардың құрамы: 779 – кулак; 247 – бұрынғы ақгвардияшылар; 365 – көтерілісшілер; 49 – шетелден қайтқан эмигранттар; 476 – бұрын сотталғандар. Ұйым құрамында 44 кеңеске қарсы топ әрекет еткені тіркелген.

Павлодар өңірінде 16 топ әшкереленіп, 231 адам сотталып, оның 111-і 1-санатпен жазаланған. Топтың басында бұрынғы казак офицерлері – Тычинский, Янков, Жариков және Некрасов тұрған. Бұл топ шетелде жүрген Евдокимовпен байланыс орнатқан.

Қарағанды облысында атаман Ефремов пен офицер Ермолаев басқарған ұйым әрекет етіп, 160 адам сотталған, олардың 137-сі 1-санатпен жазаланған. Бұл топтың бір ерекшелігі – оның мүшелері (28 адам) Қарағанды шахталарында жұмыс істеп жүріп, астыртын ұйымдық қызмет жүргізді деген айып тағылған.

1937–1938 жылдары Солтүстік Қазақстан, Алматы, Батыс Қазақстан және Қарағанды өңірлерінде белсенді әрекет еткен казак ақгвардияшыл ұйымдары кеңестік репрессиялық құрылымдар тарапынан аса қауіпті контрреволюциялық күштер ретінде сипатталды. Бұл ұйымдар бұрынғы казак офицерлерінің, жер аударылған эмигранттардың, кулак элементтерінің және көтерілісшілердің қатысуымен құрылған.

Солтүстік Қазақстан облысы аумағында сібірлік казактар шоғырланған 8 ауданды қамтыған, құрамында 16 топ болған ұйым анықталды. Басшылары ретінде эмигрант Леонтьев, атаман Иванов және кулак Артемьев аталған. Бұл ұйым бойынша 113 адам тұтқындалып, оның 100-і 1-санат бойынша жазаланған.

Алматы облысындағы казак ұйымы – Қытаймен шекаралас бес ауданға таралған, 14 кеңеске қарсы топтан тұрған құрылым болды. Ұйымды бұрынғы ақгвардияшылар Вяткин, Полторацкий,

Кмелев, Лоскутов және Корякин басқарған. Бұл ұйым бойынша 276 адам тұтқындалып, оның ішінде 176 адам 1-санатпен сотталған.

Батыс Қазақстан облысында Урал казактары негізінде құрылған ұйым 9 топтан тұрып, Болгариядан келген эмигранттар арқылы ұйымдастырылған. Олардың басты мақсаты – аймақта қарулы көтеріліс ұйымдастыру еді. Бұл ұйым бойынша 91 адам сотталып, оның 43-і 1-санатпен жазаланған.

Қазақстандағы казак ақгвардияшыл ұйымдар бойынша жалпы: сотталғандар – 1789 адам. Оның ішінде 1114 адам 1-санатпен (ату жазасына) тартылған.

Бұл деректер сталиндік саяси репрессияның тек ұлттық немесе әлеуметтік сипатта емес, сонымен қатар тарихи-сословиелік топтарға – бұрынғы әскери-аристократиялық қауымдастықтарға бағытталғанын айғақтайды.

Шығыс Қазақстан облысында неміс халқы тығыз орналасқан аймақтарда неміс-фашистік сипаттағы астыртын ұйым жойылған. Кеңестік баяндамаларда бұл құрылым фашистік Германиямен байланыста болған, әскери диверсиялық және тыңшылық әрекеттер жүргізген деп көрсетілген. Бұл ұйым бойынша 291 адам тұтқындалып, оның 124-і – 1-санат бойынша жазаланған. Кеңестік билік бұл ұйымды алдағы соғыс жағдайында ішкі тұрақсыздық тудыратын стратегиялық қауіп ретінде бағалаған.

Кеңестік жазалаушы саясаттың негізгі нысандарының бірі – кулак топтары мен бұрынғы көтерілісшілер болды. Оңтүстік және Шығыс Қазақстан облыстарында екі ірі кулак ұйымы анықталған: Біріншісі – 102 адамнан; Екіншісі – 212 адамнан тұрған. Бұл ұйым бойынша жалпы сотталғандар – 314 адам, оның ішінде 166 адам – 1-санатпен атылған.

Бұл топтар кеңес үкіметіне қарсы әрекеттері үшін және «әлеуметтік қауіпті» ретінде бағаланып, жазаланған.

Қазақстан аумағында православ шіркеуі мен протестанттық бағыттағы сектанттық ұйымдардың кең ауқымды желісі жұмыс істеген. Кеңестік органдар бұл құрылымдарды кеңеске қарсы идеологиялық, террорлық және шпиондық әрекеттермен айналысты деп айыптады. Бұл ұйым бойынша жалпы сотталғандар саны – 1189 адам, олардың 975-і – 1-санатпен ату жазасына кесілген.

Сотталғандардың әлеуметтік-қызметтік құрамы төмендегідей: 5 митрополит; 18 епископ; 345 діни қызметкер (поптар); 99 монах, 333 кулак-шіркеу белсендісі; 126 сектант уағыздаушы; 263 кулак-сектант.

Аталған ұйымдар мен топтар Алматы, Шымкент, Қызылорда, Семей, Жетісу, Қостанай өңірлерінде әрекет еткен. Адвентистер, субботниктер және баптистер сынды діни ағымдардың өкілдері кеңестік жүйеге қарсы «құпия насихат жүргізіп, халықты социалистік құрылымнан бас тартуға үндегені» үшін қудаланған.

1937–1938 жылдары сталиндік репрессиялық саясаттың шарықтау шегінде Қазақстанның өндірістік құрылымдары да «кеңеске қарсы әрекет етуші қауіпті элементтер» ретінде жаппай қудалауға ұшырады. Кеңестік қауіпсіздік органдарының баяндамаларында өнеркәсіп нысандарының ішінде троцкийшіл-неміс-фашистік ұйымдардың әрекет еткені көрсетіліп, олардың диверсиялық, шпиондық және өндірісті әдейі бұлдіру жолымен социалистік құрылысты әлсіретуге бағытталғаны айтылады.

Қарағанды көмір өнеркәсібінде анықталған ұйым Пятаковтың нұсқауымен құрылып, Хшкин, Куперман және Федорович сынды тұлғалар басқарған. Кеңестік қауіпсіздік органдары бұл ұйымды неміс-фашистік шпиондық және троцкийшіл орталықтармен байланысы бар деп сипаттайды. Ұйым бойынша 233 адам тұтқындалып, «үштікпен» сотталған.

Қазақстанның қорғасын, мыс және мырыш өндірісінде де кеңеске қарсы бағыттағы астыртын ұйымдар жұмыс істеген. Шымкент, Ащысай, Риддер, Зырян және Қарсақпайдағы өндіріс орындары мен комбинаттарда белсенділік танытқан ұйымның басында КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы Кельмансон тұрған. Бұл ұйым бойынша 397 адам сотталған.

Балқаштағы мыс қорыту зауытының құрылысы кезінде тіркелген диверсиялық әрекеттер өндірісті тоқтатуға, ақау тудыруға бағытталған. Бұл ұйымды құрылыс басшысы Иванов басқарған. Сотталғандар саны – 205 адам.

Қаззолото, Жетіғаразолото, Майқайыңзолото және Алтайзолото трестері бойынша жұмыс істеген астыртын ұйымға 298 адам қатысып, барлығы кеңеске қарсы әрекеттері үшін сотталған.

Арал балық шаруашылығы (Аралгосрыбтрест) мен басқа да азық-түлік өндірісімен айналысатын мекемелерде троцкийшіл ұйымдар жұмыс істеген. Бұл салада 187 адам, оның ішінде 62

адам Арал өңірінен, «үштікпен» сотталған. Жалпы есеп бойынша, Қазақстан өнеркәсіп саласындағы кеңеске қарсы астыртын ұйымдарға қатысты: 2155 адам сотталған; оның 1008-і 1-санатпен ату жазасына кесілген.

Сондай-ақ 1219 астыртын топ жойылған, олардың көпшілігі көтерілісшіл және диверсиялық сипатта болған.

1930-жылдардың соңында Кеңес Одағында «халық жауларын» жою шаралары тек ішкі саяси-әлеуметтік топтармен шектелмей, бұрынғы саяси партиялардың қалдықтарына да бағытталды. Қазақстан аумағында әрекет еткен саяси бағыттағы құрылымдарға эсерлер, сионистер, дашнактар, грузмектер және олардың жергілікті мүшелері жатқызылды.

Эсерлік ұйым кеңестік құжаттарда Гоц басшылық еткен құрылым ретінде аталған. Бұл ұйым кеңестік билікке қарсы саяси-идеологиялық күрес жүргізіп, жұмысшылар мен шаруалар арасында кеңеске қарсы үгіт-насихат таратқаны үшін айыпталған. Бұл бағытта жалпы 469 адам тұтқындалып, оның ішінде 343 адам «үштікпен» сотталған, ал 227 адам – 1-санатпен (ату жазасына) кесілген.

Бұл құрылымдардың құрамына көбіне бұрынғы оппозициялық партиялардың мүшелері, ауқатты саудагерлер, зиялылар мен шеттен оралған эмигранттар тартылған деп сипатталады. Олардың барлығы «кеңестік тәртіпке қарсы келетін контрреволюциялық және ұлтшылдық пиғылдағы тұлғалар» ретінде қарастырылды.

№00447 бұйрығын іске асыру аясында кеңестік қауіпсіздік органдарының назары шетелдік этностар мен арнайы қоныстанушыларға да ауғаны байқалады. Құжаттарда Украина, Белоруссия, Ленинград облысынан Қазақстан аумағына жер аударылған поляк, неміс және басқа да ұлт өкілдері арасынан кеңеске қарсы белсенділер анықталғаны көрсетілген. Бұл топтар күдік тудыратын әлеуметтік-саяси контингент ретінде арнайы бақылауға алынған. Нәтижесінде 1135 адам тұтқындалып, «үштікпен» сотталған. Олардың ішінде айыптаулар көбіне шпиондық, фашистік және ұлтшылдық қызмет түрлерімен байланысты болған.

Ұйымдарға мүше емес, бірақ саяси тұрғыдан күдікті саналатын, жеке әрекет еткен тұлғаларға да репрессия жүргізілген. Бұл категорияға жатқызылған тұлғалар – негізінен Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасы (УГБ) желісі арқылы қадағалауға түскен, бірақ топтық байланыстары анықталмаған азаматтар. Бұл бағыт бойынша 7018 адам сотталған. Оның ішінде 1897 адам 1- санатпен ату жазасына кесілген.

Бұл көрсеткіш жеке тұлғаларға да сталиндік қуғын-сүргіннің соншалықты ауқымды түрде бағытталғанын дәлелдейді.

Кеңестік экономиканың маңызды стратегиялық саласы саналатын теміржол көлігі де саяси тазалаулардан тыс қалмады. Теміржол тораптарында еңбек еткен мамандардың арасында да жеке тұлғалар негізінде қылмыстық істер қозғалып, олардың көпшілігі кеңеске қарсы әрекеттерге қатысы бар деген желеумен тұтқындалған. Барлығы 712 адам сотталып, жауапкершілікке тартылған. Бұл салада да «диверсия», «пойыз қозғалысын бұзу», «үгіт-насихат тарату» секілді айыптар жиі қолданылған.

Қазақстанның геосаяси тұрғыдан маңызды саналатын шекаралық өңірлері – Зайсан, Катонқарағай, Жаркент, Мақаншы, Нарынқол сияқты аудандарда арнайы «тазарту» операциялары жүргізілген. Кеңестік қауіпсіздік органдары бұл аудандарды шетелдік идеологияның ықпалына бейім, жау агентурасы шоғырланған аймақтар ретінде қарастырған. Шығыс Қазақстан облысының кейбір аудандарында бір аудан бойынша 300 адамға дейін, Алматы облысының шекаралық аудандарында әрқайсысында шамамен 170 адам сотталған.

Бұл көрсеткіштер аталмыш аймақтардың ерекше бақылауда болғанын, әрі ұлттық-этностық сипаттағы қуғын-сүргіндердің кең ауқымда жүзеге асқанын аңғартады.

1937 жылғы шілде-қараша айларында жүргізілген операция аяқталғаннан кейін, қуғын-сүргін әрекеттері тоқтатылған жоқ. №00447 бұйрығына сәйкес «үштіктердің» жұмысы ресми түрде аяқталғанымен, мемлекеттік қауіпсіздік басқармасы (УГБ) аппараты жаңа тұлғалар мен топтарды анықтау, бұрын қамауға алынбаған элементтерді тергеу ісін жалғастырған. Осылайша қуғын-сүргін саясаты 1938 жылға дейін созылып, заңдық және құқықтық рәсімдеулермен (формалды түрде) жүзеге асырылып отырған.

1938 жылғы 8 қаңтарда Алматы қаласында бекітілген қорытынды баяндамаға Қаз КСР Ішкі істер халық комиссарының орынбасары, мемлекеттік қауіпсіздік майоры Володзько қол қойған. Бұл құжат Қазақстандағы сталиндік террордың экономикалық, ұлттық, діни, саяси және әлеуметтік кеңістіктің барлық саласын қамтығанын дәлелдейтін ресми әрі толық қорытынды болып табылады.

[Материалы государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий, 2022: 380-385].

Қорытынды. 1937–1938 жылдардағы сталиндік репрессиялар Кеңес Одағында орнаған тоталитарлық жүйенің шарықтау шегін көрсетті. №00447 бұйрығына сәйкес жүргізілген кең көлемдегі операциялар Қазақстан аумағында саяси, ұлттық, діни, әлеуметтік және кәсіби сипаттағы тазарту шараларымен ерекшеленді. Бұл қуғын-сүргіндер кеңеске қарсы деп танылған ұйымдарды, жеке тұлғаларды, этностарды, өндіріс құрылымдарын және діни бірлестіктерді нысанаға алды. Қуғындалғандардың ішінде ұлт зиялылары, діни көшбасшылар, өндіріс мамандары, шаруалар, діни секталар өкілдері мен казак ұйымдарының мүшелері болды.

Операцияның ең қасіретті көрінісі – қазақтың ұлт-азаттық қозғалысын басқарған, рухани-мәдени және саяси элитасын құраған Алаш қайраткерлерінің толық дерлік жойылуы болды. Көптеген мемлекет қайраткерлері мен ағартушылар «ұлтшыл-фашист», «пантүркист» деген желеумен ату жазасына кесілді немесе ГУЛАГ лагерлеріне жіберілді. Бұл қуғын-сүргін ұлттың саяси жады мен интеллигенциясына бағытталған соққы болды.

Сондай-ақ, Ұйғыр және Дүнген ұлттық ұйымдары, православтық және протестанттық діни құрылымдар, неміс-фашистік астыртын топтар да қуғын-сүргінге ұшырап, Кеңес Одағының ішкі ұлттық саясаты мен діни төзімсіздігінің көрінісіне айналды. Аса ірі өндіріс ошақтары – Қарағанды көмір бассейні, Балқаш мыс қорыту зауыты, Шымкент қорғасын зауыты секілді стратегиялық маңызы бар кәсіпорындардағы инженерлік-техникалық мамандар да «диверсия», «шпиондық әрекет» айыптарымен жаппай ұсталды. Теміржол, азық-түлік, алтын өндіру салаларында да «қасақана бүлдіру» сынды айыптармен ондаған адам атылды.

Қуғын-сүргіннің тағы бір ерекшелігі – жаппай жазалау науқандары тек ұйымдарға емес, сонымен бірге ешқандай ұйымға қатысы болмаған, бірақ саяси сенімсіздікке ұшыраған жекелеген адамдарға да бағытталды. Бұл жеке адам тағдырының жүйелі репрессия механизмінде қаншалықты дәрменсіз екенін көрсетеді. Жазаланғандар арасында мұғалімдер, диқандар, қарапайым жұмысшылар, жастар мен қарттар да болған.

Қорыта айтқанда, № 00447 бұйрығына сәйкес жүргізілген репрессиялық шаралар – сталиндік жүйенің қылмысты сипатын айқындайтын нақты тарихи құжаттық дәлел. Ол өз заманының трагедиясын ғана емес, бүгінгі ұрпаққа өткеннің сабақтарын саралауға мүмкіндік беретін естелік. Бұл зұлмат кезеңді толық зерттеу мен саяси-құқықтық тұрғыдан бағалау – қазіргі заманғы тарихи ғылым мен ұлттық жадымыздың маңызды міндеті болып қала береді.

Әдебиеттер

Аблажей, Жанбосинова, 2024 – *Аблажей Н.Н., Жанбосинова А.С.* «Массовые» операции НКВД 1937–1938 гг. в отношении уголовных и «деклассированных элементов» // Новейшая история России. 2024. Т. 14. № 1. С. 102–126.

Барсенков, Вдовин, 2010 – *Барсенков А.С., Вдовин А.И.* История России. 1917–2009. М.: Аспект Пресс, 2010. 640 с.

Иванов, 2006 – *Иванов Г.М.* История ГУЛАГа, 1918–1958: социально-экономический и политико-правовой аспекты. Ин-т рос. истории РАН. М: Наука, 2006. 438 с.

Конквест, 1991 – *Конквест Р.* Большой террор. Книга 1. Пер. с англ. Л. Владимирова. Издательство: Ракстникс, 1991. 416 с.

Қойгелдиев, 2009 – *Қойгелдиев М.Қ.* Сталинизм и репрессии в Казахстане (1920–1940-х годов). Алматы: Жалын, 2009. 448 с.

Қозыбаев, 1998 – *Қозыбаев М.Қ.* Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1998. 344 б.

Қожакеев, 1999 – *Қожакеев Т.* Қым-қуат іздер: Оқу құралы. Алматы: Санат, 1999. 400 б.

Материалы государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий, 2022
Материалы государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50 годы XX века). Т. 1. Нур-Султан, 2022. 622 с.

Нурбетова, 2003 – *Нурбетова Г.* История «Красного террора» в Казахстане (20–30-е гг. XX в.). Алматы: Ғылым, 2003. 120 с.

Политические репрессии в Казахстане в 1937–1938 гг., 1998 – *Политические репрессии в Казахстане в 1937–1938 гг.*: Сборник документов. Алматы: Санат, 1998. 336 с.

Хлевнюк, 2015 – *Хлевнюк О.В.* Сталин. Жизнь одного вождя. М.: Corpus / АСТ, 2015. 464 с. (2-е изд. на русском языке РОССПЭН, 2015).

«Через трупы врага на благо народа», 2010 – «Через трупы врага на благо народа». «Кулацкая операция» в Украинской ССР 1937–1941 гг. Т. 1: 1937 г. М.: РОССПЭН: Фонд «Президентский центр Б.Н. Ельцина»: Германский исторический институт в Москве, 2010. 743 с.

Юнге и др., 2009 – Юнге М., Бонвеч Б., Биннер Р. Сталинизм в советской провинции: 1937–1938 гг. Массовая операция на основе приказа № 00447. 2-е изд. М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН); Фонд Первого Президента России Б.Н. Ельцина; Германский исторический институт в Москве, 2009. 927 с.

Юнге и др., 2008 – Юнге М., Бордюгов Г., Биннер Р. Вертикаль большого террора: История операции по приказу НКВД №00447. М.: Новый Хронограф, 2008. 784 с.

Эльбүздукаева, 2015 – Эльбүздукаева Т.У. Реализация приказа НКВД СССР № 00447 в Чечено-Ингушетии в 1937-1938 гг. // Современные проблемы науки и образования. 2015. № 2-2. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=23107>.

References

Ablazhej, Zhanbosinova, 2024 – Ablazhej N.N., Zhanbosinova A.S. «Massovye» operacii NKVD 1937–1938 gg. v otnoshenii ugolovnyh i «deklassirovannyh jelementov» [The 'mass' NKVD operations of 1937–1938 against criminal and 'declassified elements']. *Novejshaja istorija Rossii*. 2024. T. 14. № 1. Pp.102–126. [in Russian]

Barsenkov, Vdovin, 2010 – Barsenkov A.S., Vdovin A.I. *Istorija Rossii. 1917–2009* [History of Russia. 1917–2009]. М.: Aspekt Press, 2010. 640 p. [in Russian]

Ivanov, 2006 – Ivanov G.M. *Istorija GULAGa, 1918–1958: social'no-jekonomicheskij i politiko-pravovoj aspekty* [The History of the GULAG, 1918–1958: Socio-Economic and Political-Legal Aspects]. In: *t. ro. istorii RAN*. М.: Nauka, 2006. 438 p. [in Russian]

Konkvest, 1991 – Konkvest R. *Bol'shoj terror. Kniga 1. Per. s angl. L. Vladimirova* [The Great Terror: Stalin's Purges of the 1930s.]. Izdatel'stvo: Rakstnieks, 1991. 416 p. [in Russian]

Kojgeldiev, 2009 – Kojgeldiev M.Қ. *Stalinizm i repressii v Kazahstane (1920–1940-h godov)* [Stalinism and Repressions in Kazakhstan (1920s–1940s)]. Almaty: Zhaly, 2009. 448 p. [in Kazakh]

Kozybaev, 1998 – Kozybaev M.Қ. *Tarih zerdesi (Zamana asuy). 1-kitap* [Historical Memory (The Passage of Time). Book 1.]. Almaty: Gylym, 1998. 344 b. [in Kazakh]

Kozhakeev, 1999 – Kozhakeev T. *Kym-kuat izder: Oqu kuraly* [Traces of Life's Hustle: A Textbook]. Almaty: Sanat, 1999. 400 p. [in Kazakh]

Materialy gosudarstvennoj komissii po polnoj rehabilitacii zhertv politicheskikh repressij, 2022 – *Materialy gosudarstvennoj komissii po polnoj rehabilitacii zhertv politicheskikh repressij (20–50 gody XX veka)* [Materials of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repressions (1920s–1950s)]. T1. Nur-Sultan, 2022. 622 p. [in Kazakh]

Nurbetova, 2003 – Nurbetova G. *Istorija «Krasnogo terrora» v Kazahstane (20–30-e gg. XX v.)* [The History of the “Red Terror” in Kazakhstan (1920s–1930s)]. Almaty: Fylym, 2003. 120 p. [in Kazakh]

Politicheskie repressii v Kazahstane v 1937–1938 gg., 1998 – *Politicheskie repressii v Kazahstane v 1937–1938 gg.: Sbornik dokumentov* [Political Repressions in Kazakhstan in 1937–1938: Collection of Documents]. Almaty: Sanat, 1998. 336 p. [in Kazakh]

Hlevnjuk, 2015 – Hlevnjuk O.V. *Stalin. Zhizn' odnogo vozhdja* [Stalin: Life of One Leader]. М.: Sorrus. AST, 2015. 464 p. (2-е изд. на русском языке ROSSPJeN, 2015). [in Russian]

«Через трупы врага на благо народа», 2010 – «Через трупы врага на благо народа». «Кулацкая операция» в Украинской ССР 1937–1941 гг. Т. 1: 1937 г. [“Through the Enemy's Corpses for the Benefit of the People”. “The Kulak Operation” in the Ukrainian SSR, 1937–1941]. М.: РОССПЭН: Фонд «Президентский центр Б.Н. Ельцина»: Германский исторический институт в Москве, 2010. 743 p. [in Russian]

Junge i dr., 2009 – Junge M., Bonvech B., Binner R. *Stalinizm v sovetskoj provincii: 1937–1938 gg. Massovaja operacija na osnove prikaza №00447* [Stalinism in the Soviet Province: 1937–1938. The Mass Operation Based on Order № 00447]. 2-е изд. М.: Rossijskaja politicheskaja jenciklopedija (ROSSPJeN); Фонд Первого Президента России Б.Н. Ельцина; Германский исторический институт в Москве, 2009. 927 p. [in Russian]

Junge i dr., 2008 – Junge M., Bordjugov G., Binner R. *Vertikal' bol'shogo terrora: Istorija operacii po prikazu NKVD №00447* [Vertikal' bol'shogo terrora: Istorija operacii po prikazu NKVD №00447]. М.: Novyj Hronograf, 2008. 784 p. [in Russian]

Jel'buzdukaeva, 2015 – Jel'buzdukaeva T.U. *Realizacija prikaza NKVD SSSR № 00447 v Checheno-Ingushetii v 1937-1938 gg.* [Implementation of NKVD Order № 00447 in Chechen-Ingushia in 1937–1938]. *Sovremennye problemy nauki i obrazovanija*. 2015. № 2-2. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=23107>.

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2025. Т. 28. № 4

<i>Uryustyumova A., Sadvakassova Zh., Omurova Zh.</i> KAZAKHSTAN-KYRGYZSTAN CULTURAL DIPLOMACY (2015–2025): THE ROLE OF TURKSOY AND OTHER CULTURAL PLATFORMS.....	990
<i>Sailaubaeva A.K., Zhumatai S.</i> THE ROLE OF THE AKHMET RIZA MADRASAH IN THE EDUCATIONAL AND ENLIGHTENMENT ACTIVITIES OF THE SEMEY REGION.....	1000
<i>Akshanova A.M., Otepova G.E., Kabidenova Zh.D.</i> NATIONAL PERSONNEL POLICY IN THE PAVLODAR REGION UNDER THE FUNCTIONAL NORM OF KORENIZATSIYA (INDIGENIZATION).....	1009
<i>Kapassova G., Sadvakassova Zh., Kaliyeva K.</i> HISTORICAL FORMATION AND DEVELOPMENT TRENDS OF TOURISM IN THE ALAKOL AND ISSYK-KUL REGIONS: A COMPARATIVE ANALYSIS.....	1020
<i>Dossymova M.K.</i> THE GENERAL SITUATION OF THE OTTOMAN EMPIRE AND RUSSIA IN THE FINAL STAGES OF THE FIRST WORLD WAR.....	1033
<i>Baigabatova N., Abdrakhim M.</i> ADAPTATION CHALLENGES OF ETHNIC REPATRIATES IN POST-SOVIET KAZAKHSTAN: A HISTORICAL-CONTEXTUAL ANALYSIS.....	1050
<i>Dalayeva T., Idrissova A.</i> VISUAL SYMBOLISM OF ECONOMIC HISTORY IN TEXTBOOKS ON THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN (SECOND HALF OF THE 20TH–EARLY 21 CENTURIES).....	1063
<i>Sadvakassova Zh., Kapassova G.</i> KAZAKHSTAN KYRGYZ AND KYRGYZSTAN KAZAKHS: ETHNODEMOGRAPHIC TRANSFORMATION AND MIGRATION IN THE FIRST DECADE OF INDEPENDENCE.....	1080
<i>Zhussip S.A., Nurpeisov Y.K., Maslov Kh.B.</i> ALASH ORDA'S SOVEREIGN FOREIGN POLICY: NEGOTIATIONS WITH THE CZECHOSLOVAK DELEGATION (1918-1920).....	1091
<i>Токашева А.Н., Жуманова А.З.</i> 1944 ЖЫЛҒЫ БКП(Б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕГІ ТАРИХШЫЛАР КЕҢЕСІ: КЕҢЕС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.....	1107

Сулейменова А.Т.РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА
1925–1933-ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН НАУҚАНДАРДЫ
ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....1117**Абсаликов А.А., Бисенова Г.А.**ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О КОК ОРДЕ (СИНЕЙ ОРДЕ) И АК ОРДЕ
(БЕЛОЙ ОРДЕ): ПРОБЛЕМЫ ЛОКАЛИЗАЦИИ И РЕКОНСТРУКЦИИ
В ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ.....1136**Молдин Б.А., Мәден А.Т.**XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҚТАРЫ МЕН КӨТЕРІЛІСТЕРІ МӘСЕЛЕСІНЕ
ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....1148**Бейсенбаева Г.К., Касенова А.Д., Богенбаева А.К.**

ПОЛЕВЫЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ДЛЯ ШКОЛЬНИКОВ.....1166

Рахметова Ә., Сарсембаева Г.ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
БАҒЫТТАРЫ (2021–2025 жж.).....1177**Есназарова З.Б.**АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ И СОЦИАЛЬНО-
ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДОВ
КАРАКАЛПАКСТАНА. 1873–1926 гг.....1189**Базарбаев К., Амирбек А., Акдениз Э.**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-
САЯСИ САНАСЫНДАҒЫ ТҮРКИЯ ФАКТОРЫ.....1205**Шолахов М.Г., Алпысбес М.А.**

РЕФОРМЫ ЖАНГИР-ХАНА.....1215

Мамраймов С.Д.1937 ЖЫЛҒЫ №00447 БҰЙРЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
КЕҢЕСТІК РЕПРЕССИЯЛЫҚ АППАРАТТЫҢ
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТЕТІКТЕРІ.....1230**Ескалиев С.А., Айтенов Ж.К.**КОММУНИСТІК ПАРТИЯ МЕН КЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТІЛІК:
ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ
(ТАРИХИ АСПЕКТ).....1245**Сағнайкызы С., Сартаев С.А., Нусунбаева С.А.**КОРРУПЦИЯ И ПОЛИТИЗАЦИЯ: ОТРАЖЕНИЕ ТРАНСФОРМАЦИИ
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСКОЙ АССР НА СТРАНИЦАХ
ГАЗЕТЫ «ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» (КОНЕЦ 1920-х – НАЧАЛО 1930-х ГОДОВ).....1260

Қуаныш С.О., Айдосынова Г.Ж., Мурзаходжаев Қ.М. АТЫРАУ Өңіріндегі қуғын-сүргін: өлім жазасына кесілген дін өкілдері.....	1271
Хайдаров Т.Ф., Бейсембаева А.Р. XIV ғасырдың екінші жартысында жошы ұлысында болған індет.....	1284
Түлебаев Д.Ж., Симтиков Ж.К. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ.....	1293
Ашимова У.А., Қалшабаева Б.К. ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ КИІМІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: МӘДЕНИ ЖАД ПЕН ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ТҮЙІСІНДЕ.....	1304
Kabuldinov Z.Y., Mussabalina G., Beisembayeva A. KAZAKH-OIRAT RELATIONS IN THE CONTEXT OF REGIONAL TRANSFORMATIONS IN CENTRAL ASIA (15 th – EARLY 17 th CENTURIES).....	1319
Ерғабылов А.Е. ЖЕТІСУ ЖӘНЕ ІЛЕ АЛАБЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІНДЕГІ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР (1991-2023 ЖЖ. ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ).....	1331



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru